

No. 55809*

**Lithuania
and
Kazakhstan**

Agreement between the Government of the Republic of Lithuania and the Government of the Republic of Kazakhstan for cooperation in the field of education, science, culture and art. Astana, 6 October 2011

Entry into force: *9 December 2013, in accordance with article 17*

Authentic texts: *Kazakh, Lithuanian and Russian*

Registration with the Secretariat of the United Nations: *Lithuania, 1 May 2019*

**No UNTS volume number has yet been determined for this record. The Text(s) reproduced below, if attached, are the authentic texts of the agreement /action attachment as submitted for registration and publication to the Secretariat. For ease of reference they were sequentially paginated. Translations, if attached, are not final and are provided for information only.*

**Lituanie
et
Kazakhstan**

Accord entre le Gouvernement de la République de Lituanie et le Gouvernement de la République du Kazakhstan relatif à la coopération dans les domaines de l'enseignement, de la science, de la culture et de l'art. Astana, 6 octobre 2011

Entrée en vigueur : *9 décembre 2013, conformément à l'article 17*

Textes authentiques : *kazakh, lituanien et russe*

Enregistrement auprès du Secrétariat de l'Organisation des Nations Unies : *Lituanie, 1^{er} mai 2019*

**Aucun numéro de volume n'a encore été attribué à ce dossier. Les textes disponibles qui sont reproduits ci-dessous sont les textes originaux de l'accord ou de l'action tels que soumis pour enregistrement. Par souci de clarté, leurs pages ont été numérotées. Les traductions qui accompagnent ces textes ne sont pas définitives et sont fournies uniquement à titre d'information.*

[KAZAKH TEXT – TEXTE KAZAKH]

**ЛИТВА РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ,
ҒЫЛЫМ,
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Литва Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға ұмтыла отырып,

білім, ғылым, мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық және алмасу келешекте литвалық және қазақстандық халықтар арасындағы жақсы өзара түсіністікке ықпал ететіндігіне сенім білдіре отырып,

1993 жылы 7 қарашада Алматы қаласында жасалған Литва Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы келісімді негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты:

өз мемлекеттерінің білім және ғылым жүйесі туралы;

өз мемлекеттері арасындағы білім туралы құжаттарды өзара тану туралы ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар ғылым және технология саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады және қолдайды, бірлескен ғылыми зерттеулерді өткізуге қолайлы жағдай туғызады.

3-бап

Тараптар мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастықты қолдайды, сонымен қатар бір Тарап мемлекетінің екінші Тарап мемлекетіне мәдени құндылықтар мен мәдениет саласындағы қызмет нәтижелерін ұсыну үшін Тараптар мемлекеттерінің аумағында қолданыстағы заңнамаларға сәйкес қолайлы жағдайлар туғызады.

4-бап

Тараптар құқықтары, міндеттері мен қаржылық міндеттемелері анықталатын мүдделі ведомствалар мен Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары немесе ынтымақтастық бағдарламалары арасында шарт жасау негізінде оқушылармен, студенттермен, мұғалімдермен, оқытушылармен және ғалымдармен алмасуды қолдайды.

5-бап

Тараптар ғылыми-техникалық ақпаратпен алмасуды, ресми сапарларды, тағылымдамаларды, Тараптардың бастамасымен ұйымдастырылатын семинарларға, ғылыми конференцияларға, конгресстерге өз мемлекеттері ғалымдарының қатысуын қолдайды.

Тараптар ғылым және технологиялар саласындағы екіжақты ынтымақтастық бағдарламаларында көзделген біріккен ғылыми жобаларды, біріккен жарияланымдарды, ғылыми еңбектер басылымын және басқа да ғылыми ынтымақтастық нысандарын қолдайды.

6-бап

Тараптар музыкалық, театрлық, бейнелеу өнері, киноматография, кітапханалық және мұражайлық іс, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау,

қолданбалы өнерді және басқа да мәдени қызметтер түрлері саласындағы ынтымақтастыққа қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

7-бап

Тараптар Қазақстан Республикасында литва ұлттық мәдениетінің және Литва Республикасында қазақ ұлттық мәдениетінің дамуын тең құқылы және еркін дамуына ықпал көрсетеді. Тараптар ұлттық мәдениеті мен тілін, ерекшеліктерін сақтауға, сондай-ақ рухани сұраныстарды іске асыруға қолайлы жағдайлар туғызады.

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағындағы қолданыстағы ұлттық заңнамаларға, сондай-ақ өз мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес осы бапта көрсетілген міндеттемелерді өзіне алады.

8-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағындағы қолданыстағы ұлттық заңнамаларға сәйкес театрлық гастрольдерді және басқа да шығармашылық ұжымдарды және басқа да кәсіби көркем шығармашылық ұжымдарды ұйымдастыруға, көркемдік көрмелердің және мұражайлық қойылымдардың, сондай-ақ фестивальдердің, конкурстардың, кинофестивальдердің, конференциялардың, семинарлар мен басқа да кәсіптік және әуесқой өнер саласындағы іс-шаралардың өтуіне ықпал етеді.

9-бап

Тараптар мәдени ұйымдар, шығармашылық одақ, корлар, сондай-ақ мәдениет пен өнер саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да қоғамдық ұйымдар мен мамандарға көмек көрсетеді.

10-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағындағы қолданыстағы заңнамаларға, сондай-ақ өз мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес авторлық және шектес құқықтарды қорғауды қамтамасыз етуде ынтымақтасады.

11-бап

Осы Келісімде көзделген іс-шараларды іске асыру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің ведомстволары мен ұйымдары ынтымақтастық бағдарламаларын бекітеді және жекелеген салаларды іске асыру үшін қаржыландыру және басқа да жағдайлар белгіленген шарт жасасады.

12-бап

Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығындарды өз елдерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражаттар шеңберінде өз бетімен жүзеге асырады.

13-бап

Тараптар қажет болған жағдайда жеке саладағы ынтымақтастыққа қатысты мәселелерді шешу үшін бірлескен комиссия құрады. Кездесулер сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Литва-Қазақстан Үкіметаралық комиссиясының отырысы шеңберінде өткізіледі.